



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Адайлар ежелден бері жауынгер халық. Елім, жерім деп жүректері езіліп тұрады. Көтерілістер арқылы, біз, кім екенімізді, қаншалықты ержүрек халық екенімізді дәлелдей білдік деп түсінеміз. Осы рухани жаңғыру бағдарламасы арқылы өз туған жерімді, туған жердегі тұлғаларымды үлгі өнеге тұтқым келеді. Рухани жаңғыру дегеніміз еліміздің көркейуіне өз үлесін қосатын бағдарлама болады, біз рухани жаңғыру арқылы әлемнің ең үздік 30 елдері қатарына енеміз деп сенеміз. Рухани жаңғыру, халқымыздың құндылықтарын ұмытпай, болашаққа өскелең ұрпақ тәрбиелеу болып саналады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017.
2. Бекболат Тілеухан. «Қазақ Үні» 10 ақпан. 2017.
3. Сыдықов Е. «Рухани жаңғыру - дамудың басты баспалдағы» 12 сәуір. 2017 жыл.
4. Рамазанова Б. С. Маңғыстау өлкесіндегі ұлт-азаттық көтеріліс // Жас ғалым. 2014. №8.1. 19-23 бб.

ӘОЖ 93/94

#### **Т. АШІМБАЕВТЫҢ «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТИ БЕТТЕРІНДЕ МАЙДАН ӨМІРІ КӨРІНІСТЕРІН БАЯНДАУЫ**

**Оразаев Султан Берикович**

5674646@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 2 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Искакова К.И.

Ленинград блокадасы Ұлы Отан соғысындағы Кеңес халқының, әскерінің жауға қарсы табан тірестікпен, соңғы әлі қалғанша күресетіндегі символы. Ленинград майданында қазақ жауынгерлері ерлікпен, батырлықпен кеңестік отанын қорғауда болды. Түймебай Әшімбаев – осы жауынгерлердің бірі. Оның әскери қызметі 1941 жылдың 3 шілде айында басталды. Ленинград қаржы-экономикалық институтында оқып жүрген оны, өз сұрауы бойынша, Ленинград қаласының Куйбышев аудандық әскери комиссариаты Қызыл Әскер қатарына шақырды. Ол қатардағы жауынгер, кейін майданның саяси басқармасының саяси қызметкерінің міндеттерін атқарды.

Қазақтардың Ленинград майданында көптігін, әрі жақсы соғысып жүргенін, олардың арасында үгіт-насихат жұмысын жақсарту қажеттігін, әсіресе егде тартқан қазақ жауынгерлерінің орысша білмейтіндігін ескеріп, Ленинград майданының әскери ұсынысымен Қызыл әскердің Жоғарғы Саяси Басқармасы Ленинград майданында қазақ тілінде газет шығаруды ұйғарды, онда қызмет істейтін адамдарды іздестіруге кірісті. Ленинград майданының «На страже Родины» газетінің редакторы М.И. Гордонның естелігінде: «И вот я на Каменном острове, где расположилось военно политическое училище фронта. Беседую с будущими политработниками-казахами. Замечательные ребята... Но газетчиков среди них нет. Значит, придется учить их газетному делу, начиная с азов... В кабинет вошел широкоплечий казах, еще совсем молодой человек с характерным прищуром умных глаз [1].

Курсант Түймебай Ашимбаев, отрекомендовался он. До войны студент третьего курса Ленинградского финансово-экономического института. Этот, пожалуй, годится, – обрадовался я, поговорив с Ашимбаевым. Он хорошо говорил по русскии, был начитан, не плохо разбирался в военном деле», – деп айтылған [1]. Осылайша Түймебай Әшімбаев, Бейсен Жұмағалиев,

Ақмұқан Сыздықбеков майданның қазақ газетін шығару үшін іріктеліп алынады. Түймебай – аудармашы, Ақмұқан – тілші, Бейсен – әдеби қызметкер, әрі корректор қызметін атқарады[2].

Ленинград майданының қазақ тіліндегі «Отанды қорғауда» газетінің бірінші номері 1942 жылдың 7 қаңтарында жарық көрді.

Т. Әшімбаевтың естелігінде: “Весть о выходе газеты “Отанды қорғауда” быстро облетела весь фронт, вызвала живой интерес воинов к ней. Газета регулярно доставлялась им. Это вызвало энтузиазм у воинов, которые восприняли газету, как глубокое уважение к их родному языку, как заботу о них. Газета стала популярной у воинов, а редакция ее, которая помещалась в здании Главного штаба, на Невском проспекте, 2 – своего рода Постпредством республики, куда приходили бойцы и офицеры рассказать о своих ратных делах, узнавали о новостях на душих фронтах и из родных мест.”

«На страже Родины» деген газет атын қазақ тіліне аударармасын Түймебай Әшімбайұлы: «Біз Отанды қорғап жүрміз. Сондықтан біздің газеттің аты «Отанды қорғауда» болады» деп ұйғарды[2].

Т. Әшімбаевтың 1943ж. 4 мамырда «Отанды қорғауда» газетінің №37 санында «Баспа сөз – соғыс құралы» атты мақаласында газеттің басты мақсатымен, атқарылатын істері туралы баяндалған:

«Отан соғысы уақытында біздің баспа сөзіміз жексұрын жауды жеңу ісіне қызмет істеуде, жауынгерлерді, командирлерді жауға қанықас өшенді етіп тәрбиелеуде, олардың жауды ерлікпен, шеберлікпен соққылауына көмек беруде.

Ленин қаласын қорғап жатқан қазақ жауынгерлеріне арналып, «Отанды Қорғауда» деген газет шығарылды. Бұл олардың ана тілінде шыққан газеті еді. Ленинград большевиктерінің басшысы Жданов жолдас пен майданымыздың саяси басқармасына жазған хаттарында жауынгерлер өздерінің қуанғандықтарын айтып бола алмайды. Сонымен қатар Ленинград үшін жан аямай соғысамыз деп серт етеді.

Қазақстаннан алыс жерде, Ленин қаласында біздің тілімізде газет шыққаны – орыс туысқандырымдың қазақ тілін ардақтайтының көрсетеді- дейді жауынгерлер жазған хаттарында.

Біздің газетіміздің міндеті: жауынгерлерді Отан сүю рухында тәрбиелеу, оларды ерлікке, табандылыққа жолдау.

Біздің міндетіміз: газетіміздің сапасын бұданда гөрі арттыра беру. Жауынгерлер мен командирлердің көмегімен біздің газетіміз «Отанды Қорғауда» бұданда өткір қызыләскер газеті болып, көпшілік пен тығыз байланысты болады».

Ленинград майданындағы қазақ жауынгерлері ана тіліндегі газетті ризашылықпен қабылдап, редакция ұжымына үнемі хат жолдап тұрды. Солардың бірі, «Біздер, қазақ жауынгерлері қазақ газетін оқып, біздің газетіміз қалай, қайдан шықты деп таң қалдық. Бұл қазақ жауынгерлері, әсіресе орысша білмейтіндер үшін, біздің майданда шығатынын айтты. Біз бұған өте қуанып қалдық, әрі ризашылық білдіреміз», - делінген. 55-ші армияның солдаттары мен командирлері Ленинград майданының саяси басқармасына жолдаған бір хатында[1].

Қызыләскер: Абенов, Рыспеков, Тинтаев, Амирбеков жолдаған хатында. «Қазақ тілінде шығатын «Отанды қорғауда» газетін оқып өте қуанып қалдық. Біздің ана тілімізде шығатын газет өте керек. Ленин қаласы үшін табанды, жігерлі түрде күресіп, қазақтың жауынгер-жігіті деген атты былғамаймыз»[2].

1944 ж. 19 сәуірінде газеттің №34 санында жауынгерлерді қазақтың халық батырларына теңеп майданда көрсетіп жатқан ерліктерін жазып жатты.

«Соғыс — әрбір халықтың моральдық табандылығын, рухи қуатын, жаумен айқасудағы қыйын-қыстау кезде оның жүректілігін, батырлығын тексеріп байқайтын елеулі сын. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы кеңестер халқының Отан соғысы дәл осындай соғыс болып табылады. КСРО халықтары бұл сыннан аброймен өтті.

Қазақ халқы Отан соғысына ерлікпен қатысты, өзінің таңдаулы ұлдарын қан майданға аттандырды. Оларға «жаудың есін жыйдырмаңдар: Аямай соғындар жауды, соңғы демдерің тоқтағанша, тамшы кандарың қалғанша соғындар! Қолдан қуат, буыннан әл кеткенше соғындар, дұшпанды! Жеңілу қорлығынан алысып өлген артық!» — деп батасын беріп жолдарың болсын деді.

Майдандағы қазақтар халықтың бұл тапсырмасын ерлікпен орындады және орындауда. Жаумен сұрапыл ұрыстарда олар қазақ халқының жауынгерлік және ерлік сыйпатын барлық жағынан да көрсетті. Қазақ жауынгерлері халық аузында жыр болған Кенесары, Исатай, Бекет, Сырым, Махамбет, Аманкелді батырлардай ұрысып жүр. Олар Бабаларының ерліктерін арттырып, қазіргі заманның күрделі соғыс техникасын шебер пайдалануда».

Кеңес Одағының батыры Сұлтан Байбамағанбетов жөнінде бірінші жазған Түймебай Әшімбаев. Сұлтанның ерлігін естіп, ол қызмет еткен әсери бөлімге тез жетіп, оның жауынгер достарының аузынан естігенін айтып, көңілі қобалжып, «қайран, Батырым-ай» деп толғанып жүрді.

Ленинград майданында жүрген жалғыз қазақ ұшқышы Саид Жылқышевті тауып алып, ол жөнінде очерк жазады. Керекулік капитан, рота командирі Ислям Намазбаев бүкіл көптің көзінше танке қарсы ататын мылтықтан жаудың сомолетін атып түсіргенін жауынгер журналист газетке жазды. Ленинград жеріндегі партизан отрядтарының құрамында ерлігімен шынайы құрметке бөленген Төлеубек Қайырбековты тауып алып, суретімен газетке берді. Ленинград майданының саяси басқармасының тапсыруымен 1943-1945 жылдарда «Қазақтар Ленин қаласы үшін ұрыстарда», «Ленинград Батырлары» деген екі жинақша кітап жарық көрді. Оларды шығаруға да Түймебай Әшімбайұлы белсенді араласқан көрінеді.

Қазақ жауынгерлернің жиындары мен отырыстары газет бетінде кездеседі. Газеттің № 11 санында: «Аулдағыша кілем үстіне отырған жауынгерлерге бір неше самаурында мен чай қойды, алдарына дастарқан жәйілді. Дастарқанға сыйлықтар қойылды. Чай ішу мен бірге жауынгерлер өз ара әңгімелесіп бір талай отырды.

Чайдан кейін өлең айту, тақбақтар айту, ән салу, жана басқа тамашалар басталды. Жауынгерлер бірінен кейін бірі шығып, қазақтың өлеңдерін, әндерін, тақбақтарын еске салып, көңіл көтерді. Жауынгер Ибраев бастаған хордың айтқан өлеңдерін жиналғандар аса көңілмен тыңдады. Кештік қазақ жауынгерлеріне өте қуанышты болды. Ленин қаласында кілем үстінде, малдас құрып отырып чай ішеміздеп ойламап едік, сондықтан қазақ халқының әдетін еске алып, құрметтеген бөлімнің командованиясына, туысқан орыс халқына алғыс айтамыз», — деді жауынгерлер[2].

Т. Әшімбайұлының «Отанды қорғауда» газеті беттерінде басқа жазғандары да жетерлік. Оларда жауынгерлер мен офицерлердің ерлік жолдары, тағдыры, қуанышы мен қайғысы, майдан мен тылдың бірлігі айтылады. Мергендер С. Рүстембеков пен Д. Шыныбековтың қызыләскер Қ. Дабыловтың, пулеметші Р. Селбаевтың, капитан И. Намазбаевтың, ұшқыш С. Жылқышевтың, сапер Құбашевтің, лейтенант Түркпенбаевтың қанды майдан жорықтары суреттеледі. Т. Әшімбайұлының жеке басының «Отанды қорғауда» газетіне сіңірген еңбегі осындай.

Сөйтіп, еңбегі әр жылдары «Қызыл жұлдыз», ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ленинградты қорғағаны үшін», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Германияны жеңгені үшін» сияқты медальдармен марапатталды.

Бұл келтірілген үзінділерден Түймебай Әшімбайұлының адами қасиеттерінің тағы да бір қырлары ашып тұр. Олар – төзімділік, қарапайымдылық, басқа адамдарды сыйлай білу, олармен тіл табысуы. Аталған қасиеттер кез келген адамның бойынан табыла бермейді, шыққан тегіне, тәрбиеленген ортасына, әр адамның өз-өзіне деген сыни көз қарасы, өз-өзіне үлкен талап пен міндет қою арқылы келетін жәнетек тұлғаларға тән қасиеттер тарих бетіне көз жіберсек, өмір жолы бүгінгі ұрпаққа өнеге, халқының болашағына, елінің ертеңгісіне еңбек етіп, аянбай тер

төккен, осы бір ұлағатты өмірнамада өзінің орнын тауып, үлес қосқан аяулы ағаларымыз, асыл тұлға, ардақты азаматтарымыз жетерлік. Түймебай Әшімбайұлы солардың қатарына жатқызуға болады. Түймебай Әшімбайұлының өмірінің әскери кезеңі, оның қанды қығынның нақ ортасында жүріп қазақша газет шығаруы, нақақтан айыпталуы, қиындық көруі, ол қиындықты қажымастан жеңіп шығуы Т. Әшімбайұлын ерекшелендіреді, ұлықтатады. Майдан газетінде ерлікті, батырлықты жырлаған, Түймебай Әшімбайұлының соғыстан кейігі өмірі ерлік пен батырлықтың үлгісі. Экономика ғылымдарының кандидаты, докторы деңгейіне жетіп, профессор, академик ғылыми атағын тез арада иеленуінде, экономика ғылымына өзінің қомақты үлесін қосуда майдан кезіндегі шыңдалып, шыныққаны көп әсер етсе керек. Т. Әшімбайұлы «Отанды қорғауда» газеті арқылы қазақ жауынгерлерін Отанға сүйіспеншілікке тәрбиеледі, жеңіске жігерлендіріп, ұлттық намысын оятты. Ленинград майданында соғысқан әр қазақ жауынгерлерлерінің ерлік істерінде Т. Әшімбайұлының үлесі зор.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Отанды қорғауда (Красноармейская газета Ленинградского фронта «Отанды қорғауда» за 1942-1945г.г.). – Ред.Р.А.Алшанов. – Алматы: Киік, 2008. – 648б.
2. Гордон М.И. Невский-2 – Лениниздат, 1976.

ӘОЖ 342.511.7

### **ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Оспанова А.К.**

Л Н Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2-курс магистранты  
Астана, Қазақстан

Қазіргі әлем жаһандану үдерісінен ажыратылмайды, яғни әлемде әмбебап экономикалық, саяси және мәдени кеңістікті қалыптастыруда өзгерістер байқалуда. Жаһандану үдерісі тек мемлекеттер көлемінде ғана емес, жеке тұлға мен топтардың деңгейінде де жүріп жатыр. Дейтұрғанмен, жаһанданудың үдерісі әртүрлі сипатқа ие. Ол экономика саласына тез сіңіп, саяси салада сенімсіз қабылданады, ал мәдени салада ауыр өтеді. Себебі мәдени салада дін, менталитет, халық мінез-құлқы, рухани жағдайы ғасырлар бойы қалыптасқандықтан тез өзгеріс енгізе алмайды.

Жаһандану үдерісінің маңызды аспектісі оның тек материалды емес, рухани салада да жүзеге асырылатынын естен шығармауымыз қажет. Өйткені ол жеке және қоғамдық менталитеттің, сонымен қатар әлемдік көзқарастың үстем формасы, мінез-құлық стереотиптерінің қалыптасуымен түсіндіріледі. Ресей тарихшысы А.Я Гуревичтің көзқарасы бойынша «менталитетке элеуметтік-психологиялық қарым-қатынас, сананың әдеті, әлемді көріп-тану жолдары, нақты элеуметтік-мәдени қауымдастыққа тиесілі адамдардың көзқарастары жатады. Менталитет адамдардың өзіне білінбей, мінез-құлқында, күнделікті сана мен мәдениетінде айқындалады» [1].

Жаһандану жағдайына байланысты менталитет өзгеріске ұшырайды, бұл табиғи процесс. Сондықтанда, ұлттық менталитеттің, халық мінезінің ерекшелігі ретінде қабылдайтын өзгешелігі белгілі тарихи жағдайлар мен мәдени ықпалдың нәтижесі болып табылады. Олар тарихпен тығыз байланысты, яғни кезеңдердің өзгеруіне және әр түрлі тарихи оқиғаларға байланысты халық менталитеті де өзгереді. Әр халықтың тарихы, әсіресе заманауи ұлттар тарихы күрделі және қарама-қайшы болып келеді. Қазіргі заманауи халықтың менталитеті ескі мәтін үстіне жаңа мәтін жазылатын пергамент ретінде қабылданады. Заманның ағымына сәйкес,